



**ТҰРҒЫНДАРДЫҢ
ТЫНЫСЫН
АШҚАН ЖОБА**

3-бет



**ҰСТАЗЫҢДЫ
АТАҢНАН ДА
ӘЗІЗ ТҰТ**

4-бет



Ақеркін ЕРАЛИЕВА,
Алматы қаласы Іскер
Әйелдер кеңесінің
төрайымы:

**«ӘЙЕЛДЕР ЖЕКЕ
КӘСІПКЕРЛІКТЕ
БЕЛСЕНДІ»**

8-бет

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№19 (3550) 10 наурыз 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ПСИХОЛОГТАРДЫ ДАЯРЛАУҒА МЕМЛЕКЕТ КӨҢІЛ БӨЛУ КЕРЕК



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ 2019 жылы тамыз конференциясында балалар арасындағы өз-өзіне қол салу мәселесіне назар аудартып, «Балалар мен жасөспірімдердің суицидке баруы – бәріміз үшін қасірет».

(Соңы 3-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Лязят ҚАШҚЫМБАЕВА,
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті төрағасының
орынбасары:

«ТЕКСЕРІЛМЕГЕН ДӘРІ - ТҰТЫНУШЫ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАТЕР»

– Лязят Рсымбекқызы, Алматыда өткен XIV Еуразия фармацевтика форумы кезінде саладағы өзекті мәселелер сөз болып, оны шешуге қатысты тәжірибе ортаға салынды. Бұған қатысты қазақстандық құзырлы органдар ұстанымы қандай?

– Әрине, дүниежүзінде өндірілетін дәрілік заттардың Қазақстан үшін де қолжетімді болуы, ең алдымен, халық үшін маңызды. Өйткені, көп дәрілік заттар қазір Қазақстанда тапшы болып отыр. Оған ненің әсер еткені осы форумда айтылып, оны шешу жолдары да көрсетілді. Мәселен, заң жағынан келетін болсақ мемлекеттік актілерге өзгерістер енгізу қажет. Себебі, барлық дәрі-дәрмек біздің елге жайдан-жай келе салмайды. Келер алдында олар алдымен тіркелуі керек.

– Әлемнің өзге елдерінде қолданылатын дәрілерге бізде неге рұқсат берілмейді?

– Кейбір дәрілік заттардың тіркелмеуі сапасына байланысты. Оны тұтынатын біздің халық болғандықтан, дәрінің сапасын зерттеу керек. Сондықтан зерттелмеген дәрілік заттардың айналымына Қазақстанда рұқсат жоқ. Заңға сәйкес, Қазақстанға келер кезде дәрілік заттардың бәрі жан-жақты зерттеуден өткізіледі.

Дүниежүзінде қолданылатын бірқатар дәрілік заттар көбінесе орфандық, яғни, сирек кездесетін ауруларды емдеуге қажет болады. Орфандық аурулардың дәрілік заттары әлі қолжетімсіз болып тұр. Оларды Қазақстанға алып келу біз үшін де маңызды. Себебі, медицина дамыған сайын сирек кездесетін орфандық аурулардың әрқилы түрі белгілі болып жатыр. Қазақстанда қазір ешкім ондай дәріні шығара алмайды. Олар түпнұсқа препарат болып саналады. Сондықтан оны Қазақстанға әкелу үшін өндіріс орындарын аштыру маңызды. Түпнұсқа препараттарды Қазақстанға технологиясымен алып келу, оның өндірісіне инвестиция құю сияқты шаруалардың бәрі біртіндеп қолға алынуда. 1 дәрілік затты шығару үшін 10-15 жылдық тәжірибе керек.

(Соңы 5-бетте)

МӘСЕЛЕ

СОЛАҚАЙ РЕФОРМАТОРЛАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛА МА?

«Заң газетінде» 2020 жылы 10 шілдеде жарық көрген

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӨЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС» деген сұхбаттан кейінгі ой-тұжырым

Еліміз саяси-әлеуметтік және экономикалық даму жолында кәсіби мамандардың жетілуін жаңғыртуды қажет етеді. Уақыттың сұранысы осы.

Кезінде экс-президент Н.Назарбаев қауіпсіздік тұрмыс сапасының ажырамас бөлігі деп танып, полиция жұмысының түбегейлі жақсаруын талап етті. Үкіметке «Ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі жол картасын» қабылдауды тапсырып, оның бағыттарын да айқындап берді. «Біріншіден, Ішкі істер министрлігінің штаттық санын оңтайландырып, полицияны өзіне тиесілі емес функциялардан арылту қажет. Екіншіден, полиция қызметкерінің жаңа стандартын бекітіп, мансаптық ілгерілеу, сондай-ақ, полиция академиялары

арқылы кадрларды даярлау мен іріктеу жүзін өзгерту керек» – деді. Сол кезде-ақ біздің көңілімізге алаң туған еді. Нақтылап айтсақ, «полиция академиялары арқылы кадрларды даярлау» мәселесі толғандырмай қоймады бізді. Ішкі істер органдарын реформалау кезеңінде кәсіби сананы өзгерту, әрбір қызметкердің санасын жаңғыртудың тиісті бағыттары әлі де анықталу үстінде. ІІО қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықтан ада, кәсіби шеберлігі сақталып, халықпен жұмыс істей алатын түсінік-танымы мен пайымы, шынайы ішкі

мәдениеті терең, ұстамдылық, қанағатшылық пен қарапайымдылық, үнемшілдікті орынды пайдалану, адамгершіліктен аттап кетпей, өз абыройын полиция абыройы деп білетін, ар-ожданнан қадірін пайымдай алатын, ынсап пен ындыңның айырмасын білетін қасиеттерін жетілдіргені дұрыс. Жаңа реформаның негізгі арқауы осы мәселелермен өзектес жатыр.

Ресейдің ішкі істер саласында жүргізілген реформалары негізінде жоғары оқу орындарындағы профессорлық-оқытушылық құрам мен материалдық-техникалық база күшейтіліп, АҚШ және Еуропа елдерінің озық тәжірибесі басшылыққа алынды. Біздің елге енгізілген қысқартуларды қабылдамаған көрші ел маман-сақшыны дайындауды 5 жылға ұзартты.

Басқа елдерде маман дайындау мерзімі ұзартылып жатқанда, үш айда маман дайындауға міндеттелген Үкімет қаулысының түсініксіз екендігін ашық айтқан болатынбыз.

Реформаторлар «Бізге жаңа формацияның полицейлері қажет. Кадрларды іріктеу, даярлау және ілгерілету жүйесі қайта қарастырылатын болады. Ведомстволық білім беру ісі айтарлықтай өзгереді. Мамандарды даярлау сапасы әлемдік стандарттарға сай келетін заманауи полиция академиялары қажет» – деп Ішкі істер министрлігіне тиесілі 12 оқу орнының үздік 5-еуін ғана қалдырып шешім қабылдады да «ҚР ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі 2019–2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 897 қаулысы қабылданды. Қаулының 3-тарауының 17-тармақшасында «ІІМ оқу орындарын 5 заманауи полиция академиясы етіп қайта құру арқылы оңтайландыру» деп көрсетіп, ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясынан өзге академияларда бакалавриатты жауып, «Қаржыландыру көзі және болжанатын шығыстар (млн теңге)» бөлігінде «қаражат талап етілмейді» деп бекітті.

(Соңы 6-бетте)

БАСТАМА

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫ ҚҰРУ - МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында құқық қорғау институттарын күшейту мәселелері көтерілгені белгілі. Құжаттағы басты жаңалықтың бірі – Конституциялық сот құру туралы ұсыныс еді.

Президент көптеген мемлекетте Конституциялық сот бар екенін, оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алатынына тоқталып, «Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық сот құруды ұсынамын», – деген еді.

Осылайша, биыл 1 қаңтардан бастап Конституциялық сот өз жұмысын бастады. Ал Конституциялық соттың тарихына үңілсек, 1992–1995 жылдар аралығында елімізде мұндай орган жұмыс істеген. Оған 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң негіз болған еді. Алайда, 1995 жылы 30 тамызда жаңа Конституцияның қабылдануына орай конституциялық қадағалау органы – Конституциялық кеңес құрылуына байланысты 1995 жылы Конституциялық сот өз қызметін тоқтатты.

Мұндай соттар өзге мемлекеттерде де бар. Германияда Конституциялық сот Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылған екен. 1990 жылдардың басында Шығыс Еуропа мемлекеттерімен қатар, көршілес Ресейде де Конституциялық сот құрылған.

Еліміздегі Конституциялық сот өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде дербес және азаматтардан, ұйымдардан, мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз. Конституциялық сот төрағаны және оның орынбасарын қоса алғанда, он бір судьядан тұрады. Конституция-

лық соттың құзыретіне Президент, Парламент депутаттарының сайлауы, республикалық референдумды өткізудің дұрыстығы, Президент қол қойғанға дейін Парламент қабылдаған заңдар, Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылар мен халықаралық шарттардың Конституцияға сәйкестігін қарау кіреді. Конституциялық сот құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдардан құжаттарды, материалдар мен өзге де ақпаратты сұратуға және алуға, белгіленген тәртіппен сарапшыларды (мамандарды) сараптамалық және ғылыми-консультациялық жұмысқа тартуға құқылы.

Конституциялық сот өкілеттігіне кіретін мәселелерді Конституциялық соттың отырысында қарап, шешеді. Сонымен қатар, Конституциялық соттың құзыретіне жататын мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау Конституцияда, Конституциялық заңда және Конституциялық соттың регламентінде белгіленген конституциялық іс жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады. Конституциялық сот жолданым конституциялық іс жүргізуге қабылданған күннен бастап бір ай ішінде қарап, қорытынды шешім шығарады. Бұл ретте азаматтардың жолданым бойынша қорытынды шешім үш ай ішінде шығарылады.

Жаңа дәуірге қадам басқан елімізде құқығы мен заңды мүддесі бұзылған жағдайда қарапайым адамдар Конституциялық сотқа тікелей өзі шағымдана алады. Сондай-ақ, Бас прокурор және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің де Конституциялық сотқа жүгінуге құқығы бар. Сондықтан, азаматтардың құқығын заң жүзінде қорғауды одан әрі күшейту мақсатында қолға алынған реформа өміршеңдігін көрсетеріне сенім мол.

**Қаржау БОЗШАГУЛОВ,
Ақтау қалалық әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының
төрағасы**

ПАЙЫМ

Соттардың сот процесіндегі жұмысы, өзін-өзі ұстауы ғана емес, процестен тыс кездегі қимыл-әрекеті, сөйлеген сөзі, жасаған қадамы көпшіліктің жіті бақылауында. Қарапайым халықтың пікірінде «Судья – бұл сөйлейтін заң, ал заң – мылқау судья».



СУДЬЯ - СӨЙЛЕЙТІН ЗАҢ

Заңның әр мемлекеттегі пәрмені мықты болғандықтан, сол заңмен тікелей жұмыс істейтін судьяларға үлкен жауаптылық жүктелетіні түсінікті. Соған орай, қазылардың тек мемлекеттегі құқықтық құжаттарды біліп, орынды қолданып қана қоймай, тура төрелікке өз әдебімен де көлеңке түсірмей міндет.

Қазақстандық судьялардың кісілік келбеті, қоғамдағы орны, адамдармен қарым-қатынас жасау мәдениеті Әдеп кодексіне де жан-жақты көрсетілген. Судьялардың әдеп кодексі 2016 жылы қабылданып, қолданысқа енгізілген еді. Содан бері бұл кодекс әрбір қазының жұмыс үстелінде тұратын, үнемі оқып, зерделеп отыратын басты бағдарына айналды. Алайда, уақыт алға жылжып, заманауи талаптар өзгерген сайын заңнамаларды жаңартып, жаңғыртып отыру қалыпты үрдіс. Бүгінде Судья әдебі кодексіне жаңа этикалық стандарттар енгізу мәселесі әріптестер арасында қызу талқыланауда. Бұған дейін қабыл-

данған әдеп кодексі халықаралық нормаларды ескере отырып, судьялардың пікір-ескертпесінің негізінде дайындалған еді. Ал биылғы талқылауға сот саласымен тығыз байланысты жұмыс істейтін адвокат, заңгер, ғалым, мемлекеттік құрылым өкілдері де қатысып, өз ұстанымдарын білдірді. «Кеңескен істе кемшілік болмайды» демекші, көпшілік болып талқыға салған кодекстің де көңілімізден шығатын құжат боларына күмәніміз жоқ.

Кодексті заман талабына сай жетілдіру – қажеттілік. Себебі, соттың абыройы, ең алдымен, мемлекеттің абыройы. Сырт көз сот жүйесін мемлекеттегі әділдіктің, заң үстемдігінің, қауіпсіздіктің кепілі деп біледі. Соған орай, төрелік атқаратын судьялардан да терең білім, әділ шешім ғана емес, пәтуалы сөз, биік парасат, сыпайы мінез бен жоғары мәдениет күтеді. Ал бұл көрсеткіштің барлығы Судья әдебі кодексіне толық көрініс табуы тиіс. Сот тармағына сенімді арттырудың маңызды элементінің бірі

бұл судьялардың жүріс-тұрысымен байланысты. Судьялар мен доғарыстағы судьялардың моральдық-этикалық келбетіне қарап азаматтар Қазақстанның сот корпусына баға береді. Сондықтан, көпшілік талқысындағы Әдеп кодексіне әлеуметтік желідегі судьялардың жауаптылығы мен құзырына қатысты өзгеріс енгізу кезек күттірмейді. Өйткені, әлеуметтік желі қазір өміріміздің бір бөлшегіне айналды. Әлеуметтік желінің ықпалын пайдаланып судьяларды қаралау, сотта қаралып жатқан істерге байланысты көпшілік пікірін қалыптастыру, судьяларға ықпал ету көбейіп барады. Мұндай жағдайда судья қандай амалдар жасауы керек? Негізсіз жала жабылған, өзіне қатысты теріс ақпарат тараған судьяны кім қорғайды? Осы мәселелер де Әдеп кодексіне толық шешімін тапса деген ойдамыз.

**Назым АЛЬПИЕВА,
Бостандық аудандық
сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**

МІНБЕР

ӘДЕПТІНІҢ АТЫ АРЫП, ТОНЫ ТОЗБАС

«Адам баласы әдемі киімімен жақсы болмайды, Әдеп, білімімен жақсы болады», ««Сіз» деген әдеп, «Біз» деген көмек» дейді дана халқымыз. Осынау жер бетінде адамдар арасындағы береке мен бірлікті, ел мен ел, жер мен жер арасындағы тұтастықты сақтап тұрған да әдеп-ибаның, сыйластықтың күші емес пе?

Сонымен бірге, «Әдепсіз атқа мінсе, атасын басып кете жаздайды» деп тентегін тектеп, тектілікке тәрбиелей білген қазақ ұлты үшін әдептің орны аса бағалы. Жеке тұлғаның тұла бойынан көзге ұрып тұратын осы бір адамдық қасиет өз иесін төрге де, есікке де сүйрей алатыны ақиқат. Сондықтан, әрбір азаматтың, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлердің әдеп ісіне қатысты арнайы талаптары мен шарттары бекітілген.

Атап айтсақ, ҚР Президентінің 22.02.2022 №9814 жарлығына сәйкес, Қазақстан

адамзаттың қас жауы», – деген әл-Фараби бабамыз. Міне осыдан-ақ, тек білімді маман ғана емес, білікті адам бола білудің маңызын ұғына түсеміз.

Жалпы, жоғарыда атап айтқанымыздай, мемлекеттік қызметте әдептілік қағидалары, өлшемдері бекітілген. Мәселен: адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық, тытынушыға бағдарлану сияқты қағидалар мен қарапайымдылық, мемлекеттік заңдарға бағыну, әріптестерімен қызметтік қарым-қатынаста сыпайылық сақтау сынды талаптарды сақтай отырып жүргізген



**Қ.ПИЛАЛОВ,
Әділет департаменті
басшысының орынбасары
Әдеп жөніндегі уәкіл**

меткерлер – отанымыз, ортақ шаңырағымыздың бетке ұстары, халқымыздың қалаулысы болғандықтан, өз ісіміздің маманы ғана емес, өз мінезімізбен бағызы бола білейік, әдеп сақтап, адамдықтың асқақ шыңында жүрейік!

Алматы облысы Әділет департаменті өз тарапынан мемлекеттік қызмет этикасын түсіндіру жұмыстарын үнемі күн тәртібінде ұстайды. Жыл басынан бері департаменттің ұйымдастыруымен аумақтарға шығу арқылы, құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Қарасай, Талғар, Енбекшіқазақ аудандарының ұжымында сауалнамалар өткізіліп, резонанс тудыратын жағдайлардың алдын алу бойынша іс шаралар атқарылды. Жеке қабылдаулар жүргізіліп, мүдделер қақтығысын реттеу жемқорлыққа қарсы маңызы зор іс екенін ескере отырып, әрдайым заң талаптарын түсіндіру шаралары жүргізіліп отырады.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

САРАП

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ АДАМНЫҢ ҚОЛЫНДА

Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан табиғатты қорғау міндетіміз. Қазір еліміздің экологиясы нашарлап кетті. Ал табиғатты қорғау, сақтау адамның қолында.

Қылмыстық кодексте аңдарды, балықтарды, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз аулап алғандарға қылмыстық жауаптылық көзделген. Осы кодекстің 335-бабында көрсетілгендей балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз аулау, егер бұл іс-әрекет айтарлықтай залал келтіретін болса (жарылғыш немесе химиялық заттар, электр тоғы не балық ресурстарын және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін жаппай жоюдың өзге де тәсілдері қолданылу) жасалса, құқық бұзушының мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бас жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 3000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығын айыруға жазаланады. Дәл осы әрекет бірнеше рет жасалса, құқық бұзушының мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 4000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығын айыруға жазаланады.

Ал жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне, сондай-ақ, аулауға не қырып-жоюға тыйым салынған жануарларға, оның ішінде бекіре тұқымдас балық түрлерін қызметін пайдалана отырып аулағандар, уылдырық шашатын орындарда, басқа да су жануарларының көбею орындарында аулағандар, бұл құқық бұзушылықты адамдар топ болып, алдын ала сөз байласу арқылы жасаған жағдайда құқық бұзушының мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан жеті жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 6000

АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал бұл әрекетті ірі залал келтіріп, қылмыстық жасаған жағдайда жаза бұрынғыдай ауырлай түседі.

Қылмыстық кодекстің 337-бабында заңсыз аңшылық үшін де жауаптылық белгіленген. Мәселен, заңсыз аң аулау, оның ішінде атыс, пневматикалық, лақтырылатын суық қаруды, қолға түсірудің басқа да құрал түрлерін, иттерді, жыртқыш құстарды, салт атты, жеңіл көлікті қолданып заңсыз аулау, егер бұл іс-әрекет айтарлықтай залал келтіретін болса, сол сияқты жарылғыш құрылғыларды немесе жануарларды жаппай қырып-жоюдың өзге де құралдарды, авиа, авто, мотокөлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы не шағын көлемді кемелерді қолданып заңсыз аң аулау мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, 4000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға алып келеді. Сондай-ақ, дәл осы құқық бұзушылықтың бірнеше рет, аса ірі мөлшерде, қызмет бабын пайдаланып немесе қылмыстық топ болып жасаған жағдайда жаза қатаңдап түсетінін ескертпейміз керек.

Біздің ауданымыздың бірнеше тұрғыны заңсыз аң немесе балық аулағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылып сотталды. Олардан балық, ау, автокөлік, тағы басқа заттар тәркіленіп, миллиондаған теңге табиғатқа келтірген залал ретінде өндірілді. Ерте кездерде халқымыз табиғаттың кейбір туындыларын киелі, қасиетті деп ұғып, оларды өлтіруге, жоюға болмайтынын ескерткен. Табиғаттан өз керегін ғана алып, қалғанына ешуақытта зиян тигізбеген. Табиғат байлықтарын қорғай білу – азаматтық борыш.

**Асқар ЗИАНА,
Қорғалжын аудандық сотының
судьясы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ**

**Мемлекеттік қызметкерлер – отанымыз,
Мортақ шаңырағымыздың бетке ұстары,
халқымыздың қалаулысы болғандықтан, өз ісіміздің
маманы ғана емес, өз мінезімізбен бағалы бола білейік,
әдеп сақтап, адамдықтың асқақ шыңында жүрейік!**

Республикасының мемлекеттік қызметі – қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Мемлекеттік қызмет қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрі мен ғұрпына құрметпен қарауға міндеттейді. Демек, мемлекеттік қызметкер тек өз ісінің маманы ғана болып қоймай, сонымен бірге, мінез-құлқына, ақылы мен әр қадамына көңіл бөлген жөн. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім

істер оң шешімін табатыны сөзсіз.

Әдептілік – әдемілік, халқымыз тағы да «Әдепті адам – арлы адам» деп бекер айтпаған. Әдептілік – қалыптасқан ұлттық мәдениеттің белгісі. Игі әдеттен әдет-ғұрып қалыптасып, одан әдеп пайда болады. Қазақ халқы қашанда үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсеткен. Дәстүріміз бізді саби күнімізден бастап әдепті болуға тәрбиелейді. Әдепті сөздер – ақылдан шыққан аяулы сөздер. Әдепке үйреніп, әдепті сөздерді айтуға жаттыққан адам – мәдениетті де әдепті адам. Қысқасы, біз мемлекеттік қыз-

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ПСИХОЛОГТАРДЫ ДАЯРЛАУҒА МЕМЛЕКЕТ КӨҢІЛ БӨЛУ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Балалардың неге мұндай қадамға баратынын байыппен ойлауымыз керек. Тұрақты өмірлік көзқарастарды қалыптастыру, шын мәнінде, оқу үдерісі сапасының негізгі критерийі болып табылады» деген болатын. Осыдан кейін мектеп ұстаздарының жалақысы екі есеге өсіп, мұғалім мәртебесі бекітілді. ДДҰ-ның мәліметінше, біздің елімізде әр жыл сайын 8000 адам өз-өзіне қол салады. Суицидтің алдын алуға әр мемлекеттің өзіндік бағыт-бағдары мен жоспары бар. Бұл дерттің шырғауынан аман шыққандарды сондай жүйелі жұмыстар нәтижесінің жемісі деуге болады. Шетелдік ғалымдардың пікірінше, суицидтің алдын алу жұмысына білікті мамандарды жұмылдырудың маңызы зор. Мұны ескерсек, Қазақстанда психология ғылымын дамытуға, сондай-ақ, психологтар мәртебесін бекітуге, оларды кәсіби тұрғыда даярлауға мемлекеттік деңгейде көңіл



МАМАН ПІКІРІ

Мейрамгүл ИБАШОВА,
Алматы қалалық сауықтыру орталығының психологі:

«СУИЦИДАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ БЕЛГІЛЕРІН БІЛУ МАҢЫЗДЫ»

Суицидтік әрекет көптеген факторларға тәуелді. Дегенмен, бала, мейлі ересек адам болсын өз ойынан хабар бермей бірден суицидке бара алмайды. Тәжірибеден айтар болсам 9-сынып оқушысы, өзі жуас бала ешкіммен ашық сөйлесе алмайды. Сабаққа құлқы жоқ. Сол үшін ата-анасынан да, мұғалімдерден де үнемі сөз естиді. Сабаққа кешігіп келген оқушыға бірде мұғалім «тым болмаса бәтіңкеңнің бауын байлап жүрмейсің бе?» – деп жекіп тастайды. Бала есікті тарс жауып шығып кетеді де, өзіне қол салады.

Баланың ата-анасы мен сыныптастары және мұғалімдерімен сөйлесе келе мамандардың анықтағаны, бала өмір сүргісі келмейтінін талай мәрте айтып, өзінің ішкі жанайқайын білдірген. Алайда, оған ешқайсысы мән бермеген. Ауырып, суицидке дайын жүрген баланың нақты әрекетке баруына бір сөз сылтау болды. Яғни, себебі бар адамға сылтау болса, суицид жасауға мылтықтың шүріп-песін басқандай ғана уақыт жетеді.

Өз-өзіне қол салу әрекетін жасағандармен жұмыс істеу барысында байқағаным, оның белгілері жайлы ақпараттардан жалпы халық хабарсыз. Мысалы, ашық-жарқын бала бірден тұйықталуы немесе «мен кетсем өзгелерге жақсы

болады» деуі мүмкін. Бұл баланың күйзеліске түскенінің белгісі. Мектептерде әр тоқсан сайын ата-аналарға баланың мінез-құлқындағы, сонымен қатар, оның бойындағы тағы басқа қандай өзгерістерге мән беру керектігі туралы ақпараттар берудің, оқушыларға да осы тұрғыдағы сауалнамаларды жиі жүргізудің пайдасы мол. Топтық тренингтер балалармен жұмыстың ең тиімді түрі. Тренинг барысында олардың ой-пікірін, көзқарасын байқауға болады, осы арқылы психолог кіммен қай бағытта жұмыс істеу керектігін бағамдай алады.

Жасөспірімнің себепсізден екі күн сабаққа келмей қалуының өзі көңіл аудартарлық жағдай, яғни, бұдан балаға көмек қажеттігін байқауға болады. Бүгінде мектеп, емхана, т.б. мекемелерде психологтар өз мүмкіндіктеріне қарай жұмыс істеп жатыр. Бірақ, олардың білім-біліктері қай деңгейде, міне, назар аударатын басты мәселе осында. Мұны айтып отырғаным, педагог-психологтар суицидке қатысты сауалнама, әңгіме жүргізуі, диагностика жасауы мүмкін. Бірақ, психокоррекцияны және психологиялық көмек беруді барлығы бірдей жүргізсе алмайды. Өйткені, бұл арнайы маманданған клиникалық психологтардың жұмысы.

Дағдарыс жағдайындағы сенім телефондарының мамандары суицидке бейім адамдарды сойлесу арқылы эмоциялық қысымнан шығарады, қазақы тілмен айтқанда, сабырға келтіреді. Бұдан кейінгі ахуалына қарай психиатр, психотерапевт, суицидологқа баруға кеңес береді. Алайда, мұнымен мәселе шешілмейді. Бұлай дейтінім, алдымен ол адамда қобалжу, алаңдау, уайым пайда болады, одан соң ұйқысы қашып, небір ойға беріледі. Мұндай кезде көмек сұраған адамды сойлесу, көңіл-күйіне әсер ету арқылы райынан қайтарып қоя салуға болмайды. Себебі, бұдан бес жыл бұрын «суицид жасаймын, өмірім бітті» деген адамдар әрбір қиын жағдайға түскен сайын бізге хабарласып, қызметімізге жүгінеді. Бұл адамға суицидтік ойдан құлан-таза айыққанынша кешенді түрде ем қажеттілігінің айқын көрінісі. Моральдық-психологиялық дағдарыстарды жеңу үшін елімізде психологиялық сауықтыру орталықтары мен арнайы стационарлық бөлімдер көптеп ашылуы және олар ақысыз болуы тиіс.

Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ

АЙМАҚ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТЫНЫСЫН АШҚАН ЖОБА



785 шақырым ирригация желілерін қайта жөндеу, сонымен бірге, мыңнан астам көппәтерлі тұрғын үйді жөндеу үшін бюджеттік несие беру жұмыстары жоспарланған. Осындай жоспардың нәтижесінде, 2025 жылға қарай ел тұрғындары толықтай ауызсумен қамтылып, қала аумағын сарқынды судан тазарту мәселесі толыққанды шешіліп, инженерлік желілердің тозуы 12 пайызға дейін төмендейді деп жоспарланып отыр. Осы ұлттық жобаның екінші бағыты бойынша Түркістан облысында да жоспарлы жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Сапалы жолға бөлінгені - 20 млрд теңге

Жоғарыда айтқанымыздай, ұлттық жобаның «Көліктік байланысты қамтамасыз ету» бағыты бойынша нормативтік күйдегі жергілікті маңызы бар автожолдардың үлесін 2025 жылға дейін 95%-ға жеткізу көзделген. Дәл осы бағыт бойынша Түркістан облысындағы облыстық және аудандық маңызы бар автокөлік жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі өткен жылы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 87 пайызға дейін артқан. Осыған орай 2021

жылы жергілікті маңызы бар автожолдарды дамытуға бюджеттен 20 млрд теңге бөлінген. Атап өтсек, 15,3 млрд теңге республикалық, 4,1 млрд теңге облыстық, 0,3 млрд теңге аудан-қала бюджеттерінен және 0,3 млрд теңге Үкімет резервінен қарастырылған. Нәтижесінде 80 нысан немесе 1148,7 шақырым жолда құрылыс-жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 385,1 шақырым жол пайдалануға берілген. Оның ішінде облыстық маңызы бар жолдарға 17,2 млрд теңге (республикалық бюджеттен – 13,5 млрд теңге, облыстық бюджеттен – 3,4 млрд теңге, Үкімет резервінен – 0,3 млрд теңге) бағытталып, 53 нысан немесе мың шақырымнан астам жолда құрылыс-жөндеу жұмыстары жүргізілген. Тиісінше, 2021 жылы 18 нысан немесе 351,3 шақырым жол пайдалануға берілді. Ал, аудандық маңызы бар жолдарға өткен жылы

2,8 млрд теңге бөлініп, 27 нысан немесе 87 шақырым жолға күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. 2021 жылы жөндеу жұмыстары жүргізілген жолдардың 40 шақырымға жуығы қолданысқа берілген. Түркістан облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының дерегіне сүйенер болсақ, 2022 жылы жергілікті маңызы бар автокөлік жолдарын дамытуға бюджеттен 14,2 млрд теңге бөлінген. Былтыр облыстық маңызы бар жолдарды жөндеуге 12,9 млрд теңге бөлінді. Нәтижесінде, 612,7 шақырым жолға құрылыс-жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал, аудандық маңызы бар жолдарға республикалық бюджеттен 0,1 және облыстық бюджеттен 1,2 млрд теңге бөлініп, 21 нысан жөндеді. Оның үшеуі көпірлер. Жалпы, 2022 жылы 74,1 шақырым аудандық маңызы бар жолдардың жағдайы жақсарды.

Жалпы, биыл ұлттық жоба аясында Түркістан өңіріндегі облыстық және аудандық маңызы бар автокөлік жолдарының 92 пайызын жақсы және қанағаттанарлық деңгейге жеткізу жоспарланған. Бұл «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы 2025 жылға дейін 99,5 пайызға жетпек.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша және ұлттық жобаны іске асыру мақсатында халықтың көкейкесті мәселелері біршама шешімін табатыны анық. Осындай халықтың игілігі үшін жасалған әрбір іс мінсіз атқарылса нұр үстіне нұр болары анық.

Раушан НАРБЕК
ТҰРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Қай мемлекет болмасын, саяси, әлеуметтік және экономикалық салалардың дамуына үлкен мән беріледі. Әрбір өңірдегі теңсіздік мәселесі бүкіл әлемде бар екені белгілі. Еліміздегі өңірлерде орын алған осындай проблемаларды шешу үшін «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» атты ұлттық жоба әзірленген болатын. Аталған жобаның басты мақсаты – республика тұрғындарының өзекті мәселесін шешу. Бұл жоба Түркістан облысында қалай қолға алынып, қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері

Мемлекет басшысының тапсырмасымен көптеген арнайы жобалар жүзеге асырылып келе жатыр. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы 2021 жылдың 12 қазанында Үкімет қаулысымен бекітілді. Ұлттық экономика министрлігінің Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Ауыл шаруашылығы, Экология, геология және табиғи ресурстар, сонымен қатар, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесе құрған бұл жоба облыс тұрғындары үшін қолайлы болмақ. Сонымен қатар, аталған жоба көлік жолдарын жақсарту арқылы еліміздің транзиттік және логистикалық әлеуетін арттырады. Облыс тұрғындарының тұрғын үй-коммуналдық жағдайының сапасын көтеруді көздейді. Және де аталған жобаның негізгі мақсаты халыққа көрсетілетін қызметтерге кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету болып саналады.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы Үкімет қаулысы бойынша, базалық көрсетілетін қызметтерге тең қолжеткізу және көліктік байланысты қамтамасыз ету атты екі бағыт бойынша ауқымды іс-шаралар атқарып келеді. Тарқатып айтар болсақ, табиғи газбен қамтамасыз ету және инфрақұрылымды кешенді дамыту бағытында да ілгерілеу бар.

Оның ішінде, Түркістан облысының тұрғындарын табиғи газбен қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Өңір азаматтарын көгілдір отынмен қамту көрсеткіштері облыс аумағында қарқынды жүргізілуде. Түркістан қаласының тұрғындары аталған жоба аясында толық табиғи газбен қамтылды деуге болады. 2020 жыл-

дың басындағы дерек бойынша өңірдегі 841 елді мекеннің 423-і табиғи газбен қамтылып, 1 млн 274 мың тұрғын көгілдір отынды пайдаланып отыр. Ал, 2021 жылы 97 нысанның құрылысына бюджеттен 15,1 млрд теңге қаржы бөлініп, 28 нысанның құрылысын аяқтау арқылы тағы да жүз мыңнан астам тұрғын табиғи газбен қамтылған. Қалған 69 нысан 2022 жылға өтпелі болды. Сөйтіп, 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 841 елді мекеннің 457-сіне газ барып, тұтынушылар саны 1 млн 374 мыңға жетті. Енді биыл 50 нысанның құрылысына бюджеттен 12,2 млрд теңге бөлініп отыр.

Көгілдір отын көкке жеммі

Біздің жоспар бойынша биыл 15 нысанның құрылысы аяқталып, 33400 тұрғын табиғи газбен қамтылмақ. Қалған 35 нысанның құрылысы келер жылға өтпелі болады. Тиісінше, биылғы жылдың қорытындысымен көгілдір отын тұтынуға мүмкіндігі бар адамдар саны 1 млн 407 мыңға дейін артады. Жалпы, «Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына» сәйкес, 250 елді мекенде тұратын 384 190 тұрғынды табиғи газбен қамтамасыз ету жоспарланған. Нәтижесінде, 2025 жылы өңірдегі 722 елді мекенде өмір сүретін 1 млн 791 мың тұрғын табиғи газға қол жеткізбек.

Екінші бағыттағы инфрақұрылымды кешенді дамыту аясында 2021–2022 жылдар аралығында атқарылған істерге тоқталар болсақ, 16 мың шақырым ауызсу, су бұру желілерін жүргізу және жөндеу, 46 су құбыры желісін, коммуналдық сектордың 7700 шақырым желісін,

ҰСТАЗЫҢДЫ АТАҢНАН ДА ӘЗІЗ ТҰТ

Жасаған игі істері уақыт өткен сайын жарқырай түсетін адамдар болады. Олар әрдайым бізбен бірге сияқты. Юрий БАСИН нағыз осындай тұлға болған. Мен онымен заң факультетінің студенті болған кезде таныстым. Сол сәтте-ақ жан дүниесі бай, әрі азаматтық болмысы зор тұлға екенін байқадым. Юрий Григорьевич ол кезде факультет деканы еді.

Мені 102-топтың старостасы етіп тағайындады. Үлгерім мен сабақтан қалмауымызды қатаң тапсырған декан курстастарымның рухани өсугін қадағалауды да басты міндет ретінде жүктеген. Ол кезде біздер «Жеті муза қоғамының» мәслихатына қатыстық және хорда өлең айттым. Өзіме артылған осындай үлкен сенімді ақтауға барынша тырыстық. Бәріміз ән шығардық! Деканның бізден мәдениетті адамдар жасауға қаншалықты талпынғанын көп жылдан кейін түсіндік.

Оның әрбір адамды танып, түсінуге талпынатыны бірден байқалатын. Екі жақты үйлесімнің арқасында декан даярлаған дарынды шәкірттер көп болды. Оның жетекшілігімен 3 докторлық және 12 кандидаттық диссертация қорғалды. Олардың арасынан профессор А.Г.Диденконы (Заңтану академиясын – «Әділет» жоғары құқық мектебін құрушылардың бірі, Қазақстанның жаңа азаматтық заңнамасы бойынша ғылыми жұмыстардың авторы), Ұбайдолла Стамқұловты (ҚР Конституциялық кеңесінің мүшесі), Райхан Досанованы (адвокат, ҚР Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссияның Сараптама-консультативтік кеңесінің мүшесі), профессор Қасым Мәуленовті (ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов сыйлығының иегері, ҚР Парламенті Мәжілісінің ғылыми-консультативтік кеңесінің мүшесі) ілтипатпен атап өтуге болады.

Ю.Г.Басин ұстаз ретінде ұзақта тағылымды жолдан өтті. Еңбек жолын заң мектебінде, одан кейін заң институтында оқытушылықтан бастады. Ол қырық жыл бойы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қабыр-

Юрий Григорьевич азаматтық құқық саласындағы шоқтығы биік кәсіби маман, ғалым болды. «Кеңестік тұрғын үй құқығының проблемалары» тақырыбына ЛМУ-де докторлық диссертациясын қорғады. Көптеген жоғары оқу орындарында, тек Қазақстанда ғана емес, азаматтық құқық бойынша кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі (мамандандырылған, диссертациялық) ғылыми кеңестердің мүшесі болды. 1970–1992 жылдары профессор Басин Томск мемлекеттік университетінің жанындағы диссертациялық кеңестің, Қазақ гуманитарлық-заң университеті (ҚазМЗУ), «Әділет» ЗА-ЖҚМ құрған докторлық бірлескен диссертациялық кеңестің, ҚазМЗУ негізінде Қазақ академиялық университетінің, кейіннен ҚазМЗУ-да және «Әділет» ЗА-ЖҚМ-де сол мамандықтар бойынша бірлескен кеңестің, Бішкектегі диссертациялық кеңестердің мүшесі болды.

Юрий Григорьевич әрдайым белсенді азаматтық көзқарасты ұстанды. Ол ұзақ жылдар бойы ҚР Парламенті мен Үкіметінің ғылыми консультанты болды. Жұртшылық оны ғылыми-консультациялық кеңестердің: ҚР Конституциялық сотының, Жоғарғы Соттың, Жоғарғы төрелік сотының және өзге де мемлекеттік органдардың мүшесі ретінде таниды.

Ю.Г.Басин Париж халықаралық төрелігінде (1998, екі рет), Сток-

Юрий Григорьевич азаматтық құқық саласындағы шоқтығы биік кәсіби маман, ғалым болды. «Кеңестік тұрғын үй құқығының проблемалары» тақырыбына ЛМУ-де докторлық диссертациясын қорғады. Көптеген жоғары оқу орындарында, тек Қазақстанда ғана емес, азаматтық құқық бойынша кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі (мамандандырылған, диссертациялық) ғылыми кеңестердің мүшесі болды.

ғасында тынымсыз еңбек етті (ол уақытта Киров атындағы ҚазМУ), ассистенттен бастап деканға дейінгі барлық баспалдақтан абыроймен өтті. Он жыл үзіліссіз декан болды. Оның декандық қызметі менің студенттік жылдарыммен тұспа тұс келді. Деканатта үш-ақ адамның жұмыс істегені әлі есімде – Юрий Григорьевич Басин, деканның орынбасары Қалимолла Халикович Халиков және деканаттағы жалғыз механикалық жазу машинкасында құжаттарды басатын әдіскер – Татьяна Ивановна Кириенко болды.

Біздер, студенттер, әскери қызметте тәжірибеміз болғандықтан Ю.Г.Басинді майдандық болғаны үшін айрықша құрмет тұттық. 1941–1945 жылдары ол Кеңес армиясында борышын атқарды, қан майданда соғысты. 1941 жылдың тамызы мен 1942 жылдың наурызы аралығында Рубцовск жаяу әскер училищесінің курсанты болды (Алтай өлкесі), 1942 жылдың наурызы мен 1943 жылдың қазаны аралығында взводты, артынша Барнаул жаяу әскер училищесінің курсанттар ротасын басқарды. 1943 жылы Басин Бірінші Балтық жағалау майданында атқыштар ротасын басқарды, Ленинград майданының танкіні жоятын мылтық және пулеметтер ротасының командирі болды. Соғыс қимылдары кезінде үш рет жараланды. Соғысты Ленинград майданында батальон командирінің орынбасары болып аяқтады. 1946 жылы капитан шенінде елге оралды.

гольм сауда палатасының төрелік институтында (1999), Вашингтон (2000) төрелік сотында қазақстандық құқық бойынша жетекші сарапшы болды. Сондай-ақ, ғалым Қазақ ССР Азаматтық кодексінің (1963), Неке және отбасы туралы кодекстің (1969), Тұрғын үй кодексінің (1983), меншік туралы жалпыодақтық заңдар жобасының (1990) және ҚССР азаматтық заңнамасының (1991) жобаларын әзірлеуге қатысты. Профессор Басиннің білімі мен қызмет тәжірибесі, әсіресе тәуелсіз мемлекеттің – Қазақстан Республикасының алғашқы онжылдығында аса қажет болды.

Юрий Григорьевич 40-тан астам заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы төрағасының орынбасары болды (1992–1998), олардың 38-і ҚР Президентінің заң күші бар заңдары мен жарлықтары ретінде қабылданды. 60-қа жуық заң жобасын, кодекстерді, Қазақстан Республикасының Конституциясын әзірлеуге қатысты. Олардың аса маңыздысы – ҚР Азаматтық кодекс (жалпы және негізгі бөлімдері), жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы, шетел инвестициялары, жер, мұнай туралы, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану, жекешелендіру, банкроттық, ипотека, жылжымайтын мүлік тіркеу, тұрғын үй қатынастары, шектеулі және қосымша серіктестіктер, жеке кәсіпкерлік туралы заңдар.

Қазақстан Республикасы Конституциясының алғашқы мәтінін



әзірлеу кезінде Юрий Басин ел Президентінің жанындағы Сараптама-консультациялық кеңестің мүшесі болды. Аталмыш орган Конституцияның жаңа жобасын бүкілхалықтық талқылау барысында айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды қарап қорытындылады (1995). Бұған қоса Ю.Басин азаматтық құқық саласында студенттерге өте қажет монографиялар мен оқу құралдарын дайындады.

Юрий Григорьевич – 300-ден астам ғылыми жарияланымның авторы. «КСРО-дағы социализмді құрудың құқықтық мәселелері», «Кеңестік тұрғын үй құқығының мәселелері», «Кеңес азаматтарының тұрғын үй құқықтары туралы», «КСРО-дағы күрделі құрылысты құқықтық реттеу», «Совхоздардың шаруашылық қатынастарын құқықтық реттеу», «Қазақ ССР-індегі азаматтық құқық», «Отбасылық құқық», «Қазақ ССР Азаматтық кодексіне түсініктеме», «Нарық экономикасы жағдайындағы бизнес пен кәсіпкерлік негіздері», «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне түсініктеме», Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім): түсініктемелер», «Азаматтық құқық», Азаматтық құқық ғылымының Қазақстанда қалыптасу тарихы еңбектерінің авторы.

Юрий Григорьевич Қазақ ССР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері атағына әбден лайық болды. Оның мемлекеттік марапаттарының арасында – Қызыл Жұлдыз ордені, 1-дәрежедегі Отан соғысы ордені, «Құрмет» ордені, басқа да медальдарын, марапаттарын атауға болады. Алайда, ұстаз үшін ең үлкен марапат – шәкірттерінің биіктен көрінуі, елдің мойындауы. Ал мықты ұстаздан тағылым алып, тәуелсіз елдің заң саласының жандануына үлес қосып отырған шәкірттер аз емес. Олардың бәрі жол көрсетіп, бағыт берген, қабілет-қарымын шыңдаған Юрий Григорьевичтің еңбегін әрдайым ерекше ілтипатпен айтады.

Профессор Ю.Г. Басиннің 100 жылдық мерейтойының құрметіне оның шәкірттері мен ізбасарлары ғылыми конференциялар, еске алу және басқа да тағылымды шаралар өткізуде. Сол жақсы үрдіс әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде жалғаспақ. Білім ордасының ректоры (Басқарма төрағасы) профессор Жансейіт Түймебаевтың бастамашылығымен 2023 жылдың 31 наурызында профессор Юрий Григорьевич Басинді еске алу күні өткізіледі. Бұл да ұлы ұстазға жасалған құрметтің бір белгісі.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі

Сенат Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне енгізілген түзетулерді мақұлдады. Ол Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында берген тапсырмасын, сондай-ақ, Адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі шаралар жоспарын іске асыру үшін әзірленген болатын.

ТҮЗЕТУЛЕР ЕЛ ИМИДЖІНЕ ОҢ ӘСЕР ЕТЕДІ

Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов өз баяндамасында жобаның: қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары; жазаны орындау; азаптаудың және ар-намысты қорлайтын басқа да қатыгез әрекеттердің алдын алу мәселелерін қамтығанын жеткізді. Оның айтуынша, 2-3 мамырда өтетін БҰҰ Азаптауға қарсы комитетінің 76-сессиясында Қазақстан БҰҰ Азаптауға қарсы конвенциясын іске асыруға қабылданған шаралар туралы төртінші мерзімді баяндамасын қорғайды. Онда елімізде жүргізіліп жатқан адам құқықтары саласындағы реформаларға және халықаралық міндеттемелерді іске асыру барысына баға берілетін болады. Осыған байланысты, аталған түзетулерді қабылдау елдің имиджіне оң әсерін тигізеді.

Негізгі ережелерге кеңірек тоқталған кезде Марат Мұратұлы: «Біріншіден, Қылмыстық кодекске сот бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны тағайындау кезінде – сотталған адамда ауыр сырқат болған жағдайда жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдану мүмкіндігін беретін норма енгізіледі. Осылайша, ол азаматтық медициналық мекемелерде жедел ем алуға мүмкіндік алады. Қазір бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандарды осы негіздер бойынша босату туралы норма қолданылады. Бұл ретте сот шешімін дереу орындау туралы норма көзделген. Екіншіден, Қылмыстық-атқару кодексінде сотталған әйелдердің балалары үш жасқа толғанға дейін колонияларда болуы көзделген. Елімізде Алматы облысының Жауғашты кентінде осындай 1 колония бар. Онда барлық жағдай жасалған. Бүлдіршіндер Балалар үйіне орналастырылады. Әйелдер олармен шектеусіз, жұмыстан бос уақытта көріседі. Алайда, үш жасқа толғаннан кейін балалар жақын туыстарына немесе балалар үйлеріне беріледі. Әлеуметтік байланыстарды сақтау мақсатында сотталған әйелдерге, егер аналардың босатылуына дейін бір жылдан аз уақыт қалса, 4 жасқа дейінгі балаларды қалдыруға мүмкіндік беретін норма көзделеді», – деді.

Ішкі істер министрінің сөзіне қарағанда, үшінші негізгі ереже Қылмыстық кодекске бөлек ұстауды көздейтін түзетулер енгізу ұсынылады. Алғаш рет бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазасын орташа қауіпсіз мекемеде (жалпы режим) өтейтін болды. Бұрын сотталғандар – қауіпсіздігі барынша жоғары колонияларда (қатаң режим) ұсталатын болды. Осыған байланысты мекемелерді біртіндеп қайта бейіндеу есебінен, бүндәй мекемелердің саны 12-ні құрайтын болады. Бұл жағдайда барлық өңірлерде 2 типті колониялар болады. Соның нәтижесінде 2 мыңнан астам сотталғанның тұрғылықты жері бойынша жазасын өтеу және әлеуметтік-пайдалы байланыстарын қолдау құқығын іске асыруына мүмкіндік беріледі. Осы ретте елде өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстауға арналған 1 мекеме қалады (Жітіқара қаласындағы төтенше қауіпсіз мекеме). Онда бөлек ұстау тәртібі қарастырылмаған.

Төртінші, цифрландыру қызметінің барлық салаларына белсенді енуі. Қылмыстық-құқықтық тәжірибе де ерекшелік емес, өйткені ішкі істер органдары елдегі барлық тергеу істерінің 95%-ын құрайды. Бұл өте үлкен көлем. Қызметкерлерге жүктемені азайту мақсатында тергеудің электрондық форматы енгізіледі. Жыл қорытындысы бойынша полиция осындай тәртіппен қылмыстық істердің 91 пайызын

тергеді (207 мыңның 193 мыңын). Сонымен қатар, тергеу әрекеттерін бейнетіркеу әдісі кеңінен қолданылады. Осы ретте бейнематериалдың мазмұнын қайталай отырып, егжей-тегжейлі хаттама жасалады. Алайда, бұл ескірген және бюрократиялық талаптар. Соған орай, ҚПК-ге қысқаша хаттама жасауды көздейтін түзетулер енгізу ұсынылады. Онда техникалық құралдарды қолдану, өткізу уақыты, сондай-ақ деректердің қысқаша мазмұны туралы ақпаратты көрсету шарттылығын қамтамасыз ету қажеттілігі. Бұл азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға, уақыт пен еңбек ресурстарындағы шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

Бесінші, мыналар үшін санкцияларды күшейту көзделген: жаппай тәртіпсіздіктерге шақыру. Оның ішінде телекоммуникация желілерін пайдалана отырып қылмыстық топ құрамында жасалған бұзақылық. Бұл қылмыстық әрекеттердің жоғары қауіптілігімен және сәйкес келмейтін жауапкершіліктің төмендігімен байланысты; Ерекше цинизммен және қылмыстық топтың құрамында жасалған кісі өлтіру мен бандитизм. Мұндай адамдарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігін бердірмау көзделіп отыр. Сонымен қатар, отбасылық-тұрмыстық салада жасалатын құқық бұзушылықтардың құрамына, атап айтқанда: денсаулыққа ауыр зиян келтіру; ауырлығы орташа зиян келтіру; «кінәліге материалдық немесе өзге де тәуелді адамға қатысты іс-әрекет жасау» біліктілік белгілері енгізіледі. Бұл қылмыстың ауырлық дәрежесін күшейтеді және санкцияны арттырады.

Алтыншы, ұлттық заңнама БҰҰ-ның Азаптауға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясына сәйкес келтіріледі. Қылмыстық кодекстің 146-бабына «Қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын әрекеті үшін» құқық бұзушылықтың жаңа құрамы енгізіледі. Тергеу бойынша: 1-бөлігі Қылмыстық кодекстің 110-бабына (азаптау) ұқсас анықтау нысанында (онша ауыр емес) ІІО-мен тексерілетін болады. 2-бөлігі – прокуратураның айрықша тергеулігі. 3 және 4-бөлігі азаптаумен байланысты емес қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынастарды ІІО тергейтін болады. Бұл азаптау жағдайларын қатыгездіктен ажыратуға, сондай-ақ оларды жасағаны үшін жауапкершіліктің болмауына байланысты заңнамадағы олқылықты жоюға мүмкіндік береді.

Жалпы бұл отырыста 3 заң жобасы қарастырылған болатын. Олар: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бірінші оқылым); «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бірінші оқылым); «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстеріне қылмыстық сот төрелігі, жазаны орындау және азаптау мен қатыгез әрекеттердің алдын алу саласындағы адам құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (бірінші оқылым).
Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ондай жұмыс Қазақстанда бұрын атқарылмаған. Түпнұсқа преператтар шығаруға бізде технология ғана емес, білімді, тәжірибелі мамандар да жеткіліксіз.

— **Химиялық терапия алу үшін қазір кейбір науқастар Германия, Израиль, Корея сияқты елдерге баруға мәжбүр. Яғни, біздің елімізден шетелге қомақты ақша кетіп жатыр деуге бола ма?**

— Көп дәрілік заттар қолжетімсіз болғандықтан, халықтың біраз ақшасының денсаулық үшін шетелге кетіп жатқаны рас. Дегенмен, қазіргі кезде әлемдік фармацевтика нарығындағы ірі ойыншылардың бірі саналатын Швейцарияның Hoffmann-La Roche деген компаниясы Қазақстанға керек онкологиялық дәрілік заттарды алып келіп, оны осында өндіру жағын да қарастырып жатыр. Осындай үлкен компаниялар келсе, бізде шетелге барып емделемін деушілер саны азаяр еді.

— **Форумда «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар сараптамасының ұлттық орталығы» бас директорының орынбасары Еуропада өндірілетін дәрі-дәрмектерді тіркеу кезінде де қауіпсіздік талаптарына қа-**



Лязят ҚАШҚЫМБАЕВА,

Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті төрағасының орынбасары:

«ТЕКСЕРІЛМЕГЕН ДӘРІ - ТҰТЫНУШЫ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАТЕР»

тысты сәйкессіздіктер анықталып жататынын айтты.

— Иә, ондай жағдайлар бар. Бұл дәрілік заттарды тіркеудегі тексеру, зерттеу жұмысының маңызын дәлелдеп тұр. Қандай өнім болмасын оны зерттеусіз пациенттердің қолдануына жіберуге болмайды. Сондықтан бақылау жағынан күшті болуымыз керек. Адам денсаулығына қауіпті дәріге қатысты Өзбекстанда болған жағдайды естіген шығарсыз. Осы өндіруші зауыт бізге тіркелу мақсатында 2010 жылдары келген. Тексеруде олардың бұл өнімінің адам ағзасына өте зиянды екенін біліп, тіркемей, Қазақстанға кіргізбедік. Бұл біздегі заңның бақылау жағынан дұрыс екенін көрсетіп отыр.

— **ЕАЭО елдерінде дәрілік заттарға қатысты бір тәртіп болу керек деген қаншалықты дұрыс? Маман ретінде бұл мәселеге қатысты жеке пікіріңіз қандай?**

— ЕАЭО елдерінің дәрілік заттарды тіркеу, зерттеу жұмысына қатысты тәртібінде инспекциялау мен тестілеуді қайта жасамай, қолданылған мемлекеттерден есептерін алып, тіркеу жұмыстарын қысқарту мүмкіндігі бар. Оны істеуге болады. Жалпы, дәрілік заттар әр елде жеке тіркелу керек деп ойлаймын. Тіркеу кезінде оларды мұқият зерттеу керек. Тек тиімділігі жоғары екені дәлелденсе, тіркеу мерзімін ғана қысқартуға болады.

— **Форум кезінде жаңа дәрі-дәрмектерді тіркеуге 4 жылға дейін уақыт кетеді деген сын айтылды. Бұл қаншалықты негізді? Дүниежүзінде кең қолданылатын дәрілерді қысқа мерзімде тіркеуден өткізуге болмай ма?**

— Қазақстанда жаңа дәрі-дәрмектердің тіркеліп, айналымға шығуына 210 күн кетеді. Одан кейін оны тек арнайы тізімдерге кіргізу және бағасын реттеу үшін ғана түрлі жұмыс жүргізіледі. Бізде қазір дәрі-дәрмектердің көтерме және бөлшек саудадағы бағалары реттеледі. 4 жылға дейінгі уақыт олардың құқықтық актілерге, клиникалық зерттеулерге кіру мен медициналық дәлелдеуіне жұмсалатын кезең.

— **Әйтсе де, тұтынушы құқығы басты орында болу керек қой. 4 жылға дейін мұндай дәрі-дәрмекке мұқтаж жандар дер кезінде көмек көрсетілмеген соң, ауруы асқынып не өмірмен ерте қоштасуы әбден ықтимал емес пе?**

— Барлық елде қолданылып жүрген дәрілік заттарды Қазақстанға алып келуде түрлі қиындықтар бар. Бірінші, тұтынушылар санының аздығы. Екінші, біздің заңымыз бойынша дәрілік заттарды қолдану нұсқаулықтары қазақша және орысша болу керек. Өндіруші компания оны өзі аударып беру керек. Ол да уақыт алады. Сондықтан көпшілігі Қазақстан нарығына шығу үшін қандай жұмыстар атқару керектігін және біршама уақыт алатын болған соң аз табысқа қызықпайды. Егер олардың өнімдерін бізбен көршілес Қырғызстан, Өзбекстан сияқты елдер де алатын болса ғана қызығушылық танытады.

— **Стратегиялық маңызы бар дәрі-дәрмектер тізіміне қатысты құжатқа да тоқтала кетсеңіз?**

— 2021 жылдан бастап ЕАЭО елдерінде дәрі-дәрмектердің ұлттық тіркеуі тоқтап қалды. Енді бәріміз ЕАЭО талабымен жұмыс жасауымыз керек. 2020 жыл бізге тәуен-

ше жағдайда халық денсаулығын қамтамасыз етуде не істеу керек екенін көрсетті. Ковид болған кезде басқа мемлекеттер өз халқын ғана қамтамасыз етті де, бізге көңіл бөлмеді. Сол кезде Қазақстанға қажетті дәрілік заттарды тезірек тіркеу үшін тізім жасалды. Содан бері стратегиялық маңызы бар дәрі-дәрмектердің тізімі шығып жатыр.

— **2026 жылы ЕАЭО елдерінің дәрі-дәрмек нарығында қандай өзгеріс болады? Форумда тапшылық болуы мүмкін деген болжам айтылды.**

— 2026 жылы дәрі тапшылығы болуы әбден мүмкін. Себебі, ЕАЭО елдерінде ұлттық тіркеу мойындалмайды. Нарықта тек ЕАЭО талабымен тіркелген дәрілік заттар ғана болу керек. Қазір ЕАЭО-да 2500 дәріге тіркеу жүріп жатыр. Оның 310-ы ғана Қазақстаннан. Яғни, 2 жылға жетпейтін уақыт қалды. 2026 жылдан бастап өзіміз қолданған дәрілік заттардың тіркеуі жойылған соң, біз оны сата да, қолдана да алмаймыз. Қазір ЕАЭО-ның ақпараттық базасы жұмысының тезелуі жағдайды қиындатып отыр.

Шыны керек, ЕАЭО талабы бізге тиімсіз боп тұр. Екі жыл өтті, біз әлі бір орында тұрмыз. Тіркеу жасай алмай отырмыз. Қазіргі кезде бізге өндірушілер 310 өтінші берген, оның 61-і ғана тіркелді.

— **ЕАЭО талабы республика халқының денсаулығын сақтауға кедергі келтірмей ме? Бізде бұған дейін қалыптасқан өзіміздің ұлттық жүйеміз бар ғой. Неге оны ары қарай жетілдірмейміз?**

— Өте дұрыс сұрақ. Бұл Денсаулық сақтау министрлігі шешетін

мәселе емес. Оны шешетін – тек үкімет.

— **Ресейде өндірілетін дәрі-дәрмекпен шектелмей, әлемдегі инновациялық әдіспен жасалаған жаңа өнімдерді неге енгізбейміз?**

— Бұған қатысты бірнәрсе айту қиын боп тұр. Өйткені, біз ЕАЭО талабымын жұмыс істеп отырмыз. Сондықтан біз мынаны қолданбаймыз, мынаны ғана қолданамыз деп айта алмаймыз. Ресейдің өзі ЕАЭО-ның ақпараттық жүйесі дұрыс жұмыс жасамай отырғанын мойындады.

— **Дәрі-дәрмек бағасы қазір тек бізде ғана реттеле ме?**

— 2019 жылдан бастап дәрі-дәрмек бағасы бөлшек саудада және көтерме саудада реттеліп келеді. Ал денсаулық сақтау мекемелерінде пайдаланылатын дәрілер бұрыннан-ақ реттеледі.

Көптеген дәрілік заттар жоғалып кетпеуі үшін оның бағасын реттеуші орган емес, нарық белгілеуі керек. Өйткені, бағасы шектелген дәрі-дәрмектің шикізаты қымбаттады, өндірістік шығындары да өсті. Қазір көп субстанция шетелде шығады. Бізде субстанция шығарып, одан дәрілік заттар өндіру ісі жолға қойылған жоқ. Отандық фармацевтика өндірісшілері субстанцияның бәрін шетелден әкеп өндіріп жатыр. Соның өзі дәрілік заттардың қымбат-

актілердің бәріне ревизия жүргізіп, барынша ыңғайлы жағдай жасап жатырмыз.

— **Қолданыстағы денсаулық сақтау заңнамасы жетілдіруді қажет ете ме?**

— Әрине. Қазір осы бағытта жұмыстар атқарылууда. Денсаулық сақтау кодексіне өзгерістер енгізуге де атсалысып жатырмыз. Арнайы жұмыс тобы бар. «Атамекен» ҰҚП мен түрлі салалық қауымдастықтар да бізге көмектесуде. Медициналық көмек деген конституциялық норманың өзі медициналық қызмет пен дәрілік заттардан қосылған көмек қой. Соның бәрін барынша оңтайландыру және халыққа қолжетімді болу жағын ойластыру маңызды.

— **Шетелдік компаниялар Қазақстанда өндіріс орнын ашса, ол отандық өнім болып есептеле ме?**

— Есептеледі.
— **Форумда ЕАЭО аумағында өндірілген барлық дәрі-дәрмекті отандық өнім деп танып туралы ұсыныс айтылды. Бұл мәселеге қатысты жеке көзқарасыңызды білсек?**

— Ол мүмкін емес. Қазақстанға инновациялық технологиясымен келіп, өндіріске инвестициясын құйып отандық өнім жасау үшін шетелдік компаниялар өндіріс орындарын толық локализациялауы керек.

— **Онда жұмыс істейтін мамандар мәселесі қалай шешіледі?**

— Шетелдіктер инновациялық технология болған соң алғашында өндіріске өз мамандарымен келіп, ары қарай жергілікті мамандарды оқытуды енгізіп отыр.

— **Инновациялық технологияларымен келетін шетелдік компаниялардың кейбірін атай кетсеңіз?**

— Қазір BIGPHARMA бойынша 7 фармацевтикалық компаниямен түрлі кезеңдегі келіссөз процестері жүріп жатыр. Олар: АҚШ-тың PFIZER, Данияның Novo Nordisk, Жапонияның TAKEDA, Түркияның ATABAY Pharmaceuticals and Fine Chemicals, Ұлыбританияның AstraZeneca, Швейцарияның Hoffmann-La Roche және Sandoz компаниялары. Жалпы, елімізде ұзын саны дәрі-дәрмек өндіру үшін 35 отандық өндіріс дайын отыр.

— **Қазақстан табиғатта өсетін дәрілік шөптердің түрі мен қоры жағынан әлемдегі көшбасшы мемлекеттің бірі саналады. Алайда, олар әлі күнге дейін медицина саласында қолданыс таппай келеді. Бұл бағытта өндірушілерге жасалған нақты ұсыныстар бар ма?**

— Отандық шикізаттан не алуға болады деген бағытта фармкомпанияларға ұсыныстар берілді. Қазір Шымкент, Ақтөбе және Астанада фармацевтикалық кластер құрылып отыр. Олар өздеріне қарасты ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп жұмыс жасауда. Жалпы, әр дәрілік затқа жеке ғылыми әдіс керек. Дәрілік шөптердің пайдасымен қатар зиянды жақтары да аз емес. Жасыратыны жоқ, осы уақытқа дейін жоғары оқу орындарында мұндай зерттеулер жүргізілген жоқ. Оның бәрі енді ғана қолға алынып отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖЕГІҚҰРТ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жемқорлықпен күресіп келеді. Жемқорлыққа күрес қанша күшейсе де, қауіпті кеселдің салқыны қоғамда әлі де сезіледі. Таяуда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі жемқорлықты түбегейлі жою мәселесіне ерекше назар аударып, барлық мемлекеттік органдарға сыбайлас жемқорлықпен күресті одан әрі күшейту жөнінде талап қойды. Мұндайда халқымыз «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. Сондықтан қауіпті індетті жеңуге қоғам болып атсалысқан абзал.

Сыбайлас жемқорлықтың басты көріністері – қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті

не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау. Яғни, негізінен лауазымды қылмыстар. Осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес – ең өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің інінен жоюдың бастамасы, ол жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретіні күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – осы зұлымдықпен күресу.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күресті жүрсенің үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жойып, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор.

Бұл кеселдің әлеуметтік құбылыс екені белгілі. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табы-

латын сыбайлас жемқорлық әлемдегі елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып арнайы заң қабылдады. Кейіннен бұл саладағы ұлттық заңнаманы жетілдіру барысында Қазақстан БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы, Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияларын және басқа да жалпы жұрт таныған халықаралық актілерді ратификациялап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бүкіләлемдік қоғамдастықтың тең мүшесіне айналды.

Қауіпті кеселмен күрес бағытында біздің басты мақсатымыз – азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттыру. Жалпы, мемлекетке деген сенім де осыған байланысты. Сондықтан бізге жүктелген жауапкершіліктің жүгі зор. Сенім – қолжетімді сот төрелігі, судьяның беделі, ұғынықты, негізделген шешімі арқылы қалыптасады. Халықаралық ұйымдардың бағалауына, дамыған елдермен салыстырғанда

біздің соттарымыз неғұрлым қолжетімді. Баж салығының көлемі аса көп емес, істер тез қаралады. Бұрын істің түпкілікті нүктесін қоюға 2,5 жылға жуық уақыт кететін. Қазір бұл мерзім бір жылдан аспайды. Сонымен бірге, сот органдарында барлық судьялардың мәртебесі бірдей, олар тек өзара өкілеттіліктері бойынша ғана ерекшеленеді.

Халық өзінің құқықтарын, өздеріне қарсы заңға қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолын толық білуі қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу – мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті және борышы. Осы кеселді жоюға арналған заң талаптарының орындалуына атсалысайық!

Жеңісбек ҚОҢЫРБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының бас маманы - аға сот приставы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

СОЛАҚАЙ РЕФОРМАТОРЛАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛА МА?

«Заң газетінде» 2020 жылы 10 шілдеде жарық көрген «ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС» деген сұхбаттан кейінгі ой-тұжырым

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл ойланбай асығыс қабылданған шешім екенін БАҚ-та, әлеуметтік желілерде айтып баққанбыз. Реформа мерзімі өтті, қандай жетістік бар? Біз бұл мәселені 2022 жылдың маусым айында Қазақстан Ұлттық телеарнасы ұйымдастырған «Жедел желі» бағдарламасының тікелей көрсетілімінде Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Марат Ахметжановқа сауал ретінде жолдадық. Ол: «Айтылған мәселе орынды. Бүгінде қызметтен кетіп жатқандардың 90 пайызы азаматтық оқу орындарын тәмамдағандар. Бұл ретте, бізге арнаулы оқу орындарында шыңдалған мамандар қажет. Яғни, тек білім сапасы ғана емес, денсаулығы мығым, жүйке жүйесі мықты кадрлардың қатарға қосылуы маңызды. Бұл мәселені алқа мәжілісінде қарастырып, Үкіметке тиісті сауал жолдаймыз», – деген еді. Тікелей көрсетілімнен соң министрлік төрінде бакалавриат жүйесін қалпына келтіруге қатысты сең қоюға алып, 2023 жылы ІІМ Алматы және Қостанай академияларына 4 жылдық бакалавриат мамандығы бойынша үміткерлерді қабылдауға байланысты кәсіби бағдар жұмыстарының қарқынды жүргізіле бастағанын байқаймыз.

Енді бакалавриатты қайта ашып отыр. Қаншама қаражат жұмсалады, ол үшін кім жауап береді? «Мемлекеттегі арзан полиция қоғамға қымбатқа түседі» деген бұрыннан белгілі тәмсілді мүдделі мемлекеттік органдар қаперге алмады.

Егемен еліміздің арнаулы құқық мамандарын дайындаудағы онжылдықтағы жетістіктерін жоққа шығарған және орасан зор экономикалық зиян келтіруге мұрындық болған сауатсыз шенеуніктердің шешімдері ақтауға келмейді. Келтірілген экономикалық зияннан, моральдық зиян мың есе басым.

Еліміздің полиция жүйесінің негізгі бөлігін құрайтын әкімшілік полиция қызметі қызметкерлерінің кәсіби дағдыларының деңгейі, барлық ІІО жүйесінің оң немесе теріс бейнесін анықтайтын бірінші көрсеткіш болып саналады. Өйткені, олардың қызметі күнделікті жариялылықты қажет етеді. Әлбетте, ішкі істер органдары қызметінің жаңа рөлін полицияның жаңа әлеуметтік бейнесін анықтап алмай жаңғырту мүмкін емес екенін неге солақай реформаторлар естен шығарды.

Осылайша, ведомстволық білім беру жүйесін жаңғыртудың басты міндеті – қазіргі заман сапасын қамтамасыз ету.

Ал, ҚР ІІМ Үкімет қаулысы аясында жасаған өзгерістерге орай Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы 1969 жылдан 2019 жылға дейін қызмет атқарған «Әкімшілік құқық және ІІО әкімшілік қызмет» кафедрасын жабуға не негіз болғаны түсініксіз еді. Ол кафедраның мамандарды, болашақ тергеушілерді дайындауға қосқан үлесінің зор екенін есепке алмай өрескел қателік екендіктерін ешкім мойындағысы келмеді. Реформаға дейінгі қызмет істеген жылдары кафедраның ғылыми әлеуетінің 100% болғанын өткен тарих дәлелдей алады.

Ойымызды түйіндей келе, кафедраның болашақ тергеушілерді дайындауға қосатын үлесінің зор екенін академия басшылығының есепке алмауы, арнайы кафедра шеңберінде оқытылатын пәндердің мамандарды сапасыз дайындауға әкеліп соғатынын ескермеулерінен білдірді? Сонымен қатар, бұл кафедраның алғашқы кәсіби дайындық курстарында да атқаратын рөлі айтпаса да белгілі.

Ал, ІІО негізгі ең бірінші міндеті құқық бұзушылықтың профилактикасы екенін негізгі

бастап практикалық қызметке икемділіктерін, сондай-ақ, моральдық, психологиялық, еріктік және танымдық қабілеттерін тексереді, бейімдейді және дамытады.

Қазіргі кезде ІІМ АОО-дағы даярлау жүйесі бірнеше жылдар бойы өзін толық дәлелдеді. Тек ІІМ ведомстволық оқу орындары оқытудың қосымша түрлерінде жыл сайын арнайы-тактикалық, атыс және полицияға дағдыландыру бойынша арнайы шеберлікке үйретілді. Бұл КСРО және Қазақстан қалаларында террористік актілер кезінде, басқа да төтенше жағдайларға жол бермеу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету кезінде дәлелденді.

Бакалавриаттан бастап тартсақ, соңы өкініш болар анық. Сұрақ туындайды: кәсіби құзыреттілікті (практикалық тәжірибе) аз шамада меңгеру мүмкін бе? Қызметкерлердің түрлі атыс қаруларын, арнаулы құралдарды және дене күші мен күрес тәсілдерін қолдануды қанша уақытта меңгеруі мүмкін. Жауап айқын: полиция қызметкері тиісті кәсіби біліктілікке иелік етпейді. Мысалы, аталған мәжбүрлеу шараларын қолдану кезінде нормативтік құқықтық базада көзделген тәртіп негіздерін, тыйым салу ережелерінің бірін орындамай

– автоматты түрде қызметкер іс-әрекетінің заңсыздығына әкеп соғады.

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»



Мирлан ҚЫЗЫЛОВ, застасты полиция генерал-майоры

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

«ҮШ АЙДА БІЛІКТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ МҮМКІН ЕМЕС»

шешу үшін келесі басымдықтарға назар аудару қажет.

Біріншіден, құқық қорғау жүйесін реформалауға шұғыл түзетулер енгізу қажет. Біз полицияның сервистік моделін құру және қылмыстық процесті жаңғырту ісінде біршама ілгеріледік. Қашанда, террористік шабуылдарға қарсы тұруға дайын болуымыз керек. Күштік құрылымдардың қолбасшылары жаңа жауынгерлік дағдыларға шыңдауға, қорғаныс пен шабуылдаудың тиімді құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етуге шұғыл кірісу қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Полицияның кәсіби дағдысын жетілдіруге не кедергі?

Біріншіден, полицияның учаскелік инспектор мен қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, ашу және жолын кесумен айналысатын жедел уәкілдерді дайындау мерзімінің қысқартылуы. Мұндай жөн-жосықсыз қысқартулар кешегі дүрбелеңде сондай әзірліктен өткен курсанттардың жоқтығын көрсетті. Еліміздің ІІО полиция жүйесінің негізгі бөлігін құрайтын әкімшілік полиция қызметкерлерінің кәсіби дағдыларының деңгейі, барлық ІІО жүйесінің жағымды-жағымсыз бейнесін анықтайтын бірінші көрсеткіш. Халықпен ашық жұмыс істейтін полицияның учаскелік инспектор мен қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, ашу және жолын кесумен айналысатын жедел уәкілдерімізді дайындау мерзімі 3-айға неге қысқартылды?

Халық арасында полицияға деген сенімді оның білімсіздігінен орын алды. Мұндай жағымсыз көзқарастарды жеңудің жолы – полиция қызметкерін жоғары кәсіби біліммен қарулауды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» атты жолдауында «Жұртқа жақын полиция» қағидаты бойынша жергілікті полиция қызметінің мейлінше тұтас реформасын жасау қажеттігі пісіп-жетілді. Осыған орай учаскелік инспектордың рөліне баса мән берілетін болады. Учаскелік инспектордың мәртебесін заңнама арқылы арттырып, оның өнімді жұмыс істеуіне мол мүмкіндік берген жөн. Ол азаматтар алдында танымал, қолжетімді әрі беделді болуға, солардың құқықтарын қорғауға тиіс» екендігі туралы айтқандығын көруге болады.

2019–2021 ж.ж. ведомстволық білім реформасы ІІО кадрлық әлеуетін әлсіретуге бағытталған, мемлекеттік дәрежеде ойластырылмай жасалған нағыз дұшпандық әрекет еді.

Азаматтық ЖОО «Заңгер» дипломына ие болып, жұмыс нарығында өз кәсібін ұштастыра алмай, орын таппай, ІІО қызметі ерекшеліктеріне дайын болмай, ІІО-да қызмет етуді таңдап, одан кейін кәсіби тұрақсыздықтан қызметтен кеткендерін де естідік, көрдік.

Мемлекеттің ең маңызды бағыты – құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мамандарды оқытуда мемлекет бюджетін үнемдеу керек деген солақай реформаторлардың «туындысы». Бұлар ІІО-да бейімдік бағытында дайындалмаған, қызметке тізімі жоқ мамандар.

Осы салдарға кім жауап береді? Осы реформаны қолдаған, жоспарын құрған, іске асырған реформаторлар Президент Әкімшілігі, Үкімет және ІІМ өзінде де, арнаулы жоғары оқу орындарында басшы қызметте отырған жоқ па? Олардың моральдық және басқа да жауапкершіліктері қалай болар екен?! Судың да сұрауы бар. Осы былыққа кім жауап береді?!

Мирлан ҚЫЗЫЛОВ, отставкадағы генерал-майор

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде бітімге келту шараларын белсенді түрде қолдану нақты көзделген. Мәмілеге келтіру шарты ерікті түрде жүзеге асырылып, бұл өз кезегінде сот шығынын азайтады. Сотта тараптардың татуласуы үшін заңда көзделген шаралар толық қолданылады.

ТАТУЛАСУ – ТАТЫРМАС ШЕШІМ

Татуласу келісімі бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейінгі сот талқылауының көз келген сатысында, сондай-ақ, сот актісінің орындалуы кезінде жасалуы мүмкін. Татуласу келісімі жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері сенімхатта арнайы көзделген татуласу келісімін жасауға өкілеттік болған кезде қол қояды. Татуласу келісімі оларды орындау мерзімі мен тәртібі көрсетіле отырып тараптар келіскен шарттарды қамтуы тиіс. Татуласу

келісімін кейінге қалдыру шартымен жасауға жол берілмейді. Сот тараптардың татуласу келісімін бекітуі туралы өтінішін сот отырысында қарап, татуласу келісімін жасаудың құқықтық салдарын ол бекітілгенге дейін тараптарға түсіндіреді. Содан кейін татуласу келісімін бекіту және іс жүргізуді тоқтату не татуласу келісімін бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Егер татуласу келісімі заңға қайшы келсе немесе басқа да тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса сотпен ол бекітілмейді.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында қаралып жатқан тиісті санаттағы әкімшілік істер тараптардың татуласуына байланысты өндірістен



Анар ШЕКЕНОВА, Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

тивтік келісімді бекітті, оның шарттары бойынша мемлекеттік орган бір ай мерзімі ішінде тұрғын үйлері бар жер учаскелеріне мекенжай беру жөніндегі бұйрықтарға өзгеріс-

тер енгізуге міндеттенеді. Мүдделі тұлға медиация туралы келісімді бекітуге қарсы болған жоқ, өйткені, оның шарттары құқықтары мен оның заңды мүдделерін бұзбайды. Сөйтіп азамат және мемлекеттік орган сотта бір мәмілеге келеді.

Медиация заңын жетілдіруге бағытталған мемлекеттік органдар арасында дөңгелек үстелдер жоспарлы түрде үнемі өткізіліп келеді. Мәселен, жуырда сот судьялары «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстегі татуластыру рәсімдері» тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізіп, мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіндегі жаңалықтардың бірі – татуласу, медиация туралы келісімдер жасау арқылы жария-құқықтық даулар бойынша татуласу құқығына заңнамалық бекіту болғанын түсіндірді.

Қорыта айтқанда, тараптардың татуласуы, бір мәмілеге келуі, сотқа да, дауласушы тарапқа да қолайлы шешім.

АСЫЛ МҰРА

Қазақ халқы ата-бабасынан қалған әдет-ғұрып, салт-дәстүрін айрықша қастерлеп келеді. Қазақтың ұлттық мінез ерекшелігіне айналған басты дәстүрі – қонақжайлылық.

ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ - ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛЕРІ

Қазақ қоғамында ертеде айтылған бейресми заңдар бар.

Соның бірі сыйлық беруге байланысты дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар. Мәселен, сүйінші сұрау сондай үрдіс. Ол жақсы хабар жеткізген саяхатшыға алғыс ретінде үй иелерінен бағалы сыйлық алатын ғұрып. «Ат мінгізіп шапан жабу» – жоғары мәртебе. Дәстүр бойынша, құрметті қонақ, ауылға келген ақын жергілікті тұрғындардан батыр немесе жай ғана сыйлы адам, қызметі үшін ат пен қымбат шапан (түйе жүнінен жасалған астарлы шапан) сыйға алады. Сыйлықтың тағы бір түрі бес жақсы, яғни бір мезгілде бес құнды заттан тұратын сыйлық. Оған: түйе («қара нар»), жүйрік ат («жүйрік ат»), қымбат кілем («қалы кілем»), алмас қылыш («алмас қылыш»), сондай-ақ бұлғын тон («алмас қылыш»).

Бұлғын ішік») жатады. Бес жақсы беру, сондай-ақ «ат мінгізіп, шапан жабу» қазақ қоғамындағы ең беделді адамдарға көрсетілетін құрмет. Ал, байғазы – жаңа зат алған адамға сыйлық алу мүмкіндігін қарастыратын дәстүр. Қазақ халқының ерекше дәстүрлерінің бірі өзара көмек көрсетуге байланысты әдет-ғұрыптар. Мысалы, асар сондай дәстүрлердің бірі.

Бұл ғұрып асығыс, кейде ауыр жұмыстарды орындауға мұқтаж отбасы туыстарын, достарын, көршілерін көмекші ретінде шақыруға құқылы етеді. Істің соңында көмекшілерге мол дастарқан жайылады. Ал, жылу – табиғи апаттардан (өрт, су тасқыны, т.б.) зардап шеккен адамдарға материалдық, моральдық және қаржылай көмек көрсетуге байланысты дәстүр. Жапа шеккендерге тек туыстары емес, барлық жанашырлар

көмектесуге міндетті. Бұл орайда қамқорлық садақа мал, құрылыс материалдары, киім-кешек, ақша беріп, жасалуы мүмкін. Сол секілді белкөтерер – қарттарды емдеу дәстүрі. Бұл ғұрыпта қарттар

үшін дәмді, ең бастысы жұмсақ тағамдар әзірленеді. Атап айтқанда қазы, жент, қымыз, сүзбе т.б. Әдетте, бұл міндет балаларға немесе жақын туыстарға, кейде көршілерге жүктеледі. Белкөтерер дәстүрі қарттарға қамқорлық көрсетудің үлгісі болып табылады.

Қонақтарды қарсы алуға байланысты дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың да өз ерекшелігі бар. Жалпы қазақ халқы ежелден қонақжайлылығымен танымал. Қонақасы – қонақты қабылдауға байланысты салт. Ең дәмді тамақ әрқашан қонақтарға арналады. Қонақтар үш топқа бөлінеді. «Арнайы қонақ» – арнайы шақырылған, «құдайы қонақ» – анда-санда келетін саяхатшы, «қыдырма қонақ» – күтпеген қонақ. Айта кету керек, ежелгі заманда егер үй иесі қандай да бір себептермен қонақасы әдет-ғұрыпты сақтаудан бас тартса, оған

жаза қолданылуы мүмкін еді. Қонаққаде – үй иесі қонаққа ән айтуды немесе музыкалық аспапта ойнауды сұрауға құқығы бар дәстүр. Қонаққаде – қонақты өнермен сынау, сонымен қатар отырысты көңілді етудің жолы. Ерулік – ауылға жаңа қоныстанушылар келсе, олардың құрметіне беріліп, олардың жаңа жерге тез бейімделуіне мүмкіндік беретін шағын мереке. Баланың тууы мен тәрбиесіне байланысты ерекше салт-дәстүрлер де ғасырлар бойы халқымызбен жасасып келеді. Соның бірі шілдехана – баланың дүниеге келуіне байланысты мереке. Ал, бесікке салу, бесік той – жаңа туған нәрестені бесікке салған соң ұйымдастырылады. Әдетте, бұл мереке нәрестенің кіндік бауы түскеннен кейін 3-5 күннен кейін өтеді. Есім қою ырымы шілдехана мерекесі аясында немесе жаңа туған нәрестені бесікке салу күніне орайластырылып жасалуы мүмкін.

Қарап отырсақ, ұлттық құндылықтарға айналған бұл дәстүрлердің барлығының да тәрбиелік маңызы зор. Осынау үрдістер сонымен қатар халықты біріктіріп, ағайындар арасындағы өзара сыйластықтың да қалыптасуына үлкен рөл атқарып келеді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

1. «Есіл бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу»

- Бөлім: Есіл өзені
- Бөлім: Сілеті өзені
- Бөлім: Ақмола облысының жергілікті су қоймалары

2. «Тобыл-Торғай бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу»

- Бөлім: Тобыл өзені
- Бөлім: Қостанай облысының жергілікті су қоймалары

3. «Нұра-Сарысу бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу»

- Бөлім: Нұра өзені

Жоба бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz/> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін 2023 жылдың 17 наурызынан бастап он жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар беру үшін қолжетімді болады.

Әзірлеуші: «БШҒӨ» ЖШС, Алматы қ., Сүйінбай даңғылы 89 А, тел. 8(727)383-17-15

Комитет рыбного хозяйства Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан уведомляет о проведении Общественных слушаний в форме публичных обсуждений по следующим проектам:

1. «Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно допустимых уловов рыбы и других водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений и водоемах ООПТ Есильского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения»

- Раздел: Река Есиль
- Раздел: Река Силеты
- Раздел: Водоемы местного значения Акмолинской области

2. «Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно допустимых уловов рыбы и других водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений и водоемах ООПТ Тобыл-Торғайского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения»

- Раздел: Река Тобыл
- Раздел: Водоемы местного значения Костанайской области

3. «Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований общих допустимых уловов рыбы и других водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений и водоемах ООПТ Нура-Сарысуского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения»

- Раздел: Река Нура

Проекты будут доступны на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> в разделе «Общественные слушания» по истечении пяти рабочих дней с 17 марта 2023 года для предоставления замечаний и предложений в течение десяти рабочих дней.

Разработчик: ТОО «НПЦРХ», г. Алматы, проспект Сунонбая, 89А, тел. 8(727)383-17-15

Жоғарғы Сот және Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің ұжымы Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы Ғалихан Айдынғалиұлы Бапаховқа жұбайы

Гүлбарам Салыққызы БАПАХОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

МҰРАГЕРЛІК

4. 13.9.2022 ж. қайтыс болған аз.Смаил Әбілда Нұртазаұлына қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлері мен мүдделі тұлғалардың Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

5. 06.9.2022 ж. қайтыс болған аз.Кримова Көркем Жеңісқызына қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлері мен мүдделі тұлғалардың Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

6. 24.9.2022 ж. қайтыс болған аз.Мүрсәлиева Гүлбақыт Қуанышқызына қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлері мен мүдделі тұлғалардың Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

7. 22.11.2022 ж. қайтыс болған Колдасов Бекет Жамешовичтің атынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлердің нотариус Г.Т. Карибжановаға хабарласулары сұралады. Мекенжайы: Алматы қаласы, Казанская көшесі, 34 үй, тел.: 87272293720.

12. 2022 жылы 22 желтоқсанда қайтыс болған азаматша Темирханова Рысалды Құдайбергеновнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер мен қызығушылық танытқандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде нотариус Абылкасымова Гүлнар Оразакыновнаға мына мекенжай бойынша хабарласулары сұралады: Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Водник-1 ықшамауданы, 36/11 үй, тел. 87011378775.

БАНКРОТТЫҚ

14. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (МАЭС) 24.2.2023 жылғы нұсқамасымен (МАЭС), мекенжайы: Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 15, БСН 940340000828, «Казвторчермет» акционерлік қоғамының банкроттығы туралы іс қозғалды.

15. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 28 ақпандағы ұйғарымымен «Альянстройснаб компаниясы» ЖШС-нің (БСН 111040017574) банкроттығы туралы іс қозғалды.

ТАРАТУ

2. «Грек-рим, еркін күресі және қазақша күресті дамыту қоры» (БСН 121240004006) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Т.Әубәкіров көшесі,79 үй.

16. «ПромСтройТоргСервис» ЖШС, БСН 121040008140, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, №5А көшесі, 18 үй, тел.: 87057688648.

ӘРТҮРЛІ

3. «Monumental Building» ЖШС «Халыққа қызмет көрсету объектілері жер асты паркінгі бар көпфункционалды тұрғын үй кешені «Millennium Park», Алматы ауданы, Әуезов көшесі, 2/8 телімі» эскиз жобасы бойынша қоғамдық талқылау өтетіндігін хабарлайды.
Тыңдаулар: 20 наурыз 2023 жылы сағат 14:00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, Алматы ауданы, 2/4 үй мекенжайында өтеді.

Тапсырыс беруші: «Monumental Building» ЖШС
Бас жобалаушы: «Градостроитель и К» ЖШС.
Эскиз жобасын мына мекенжайдан табуға болады: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 2/4.
Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды келесі электрондық мекенжайға жіберуге болады: info@mbuilding.kz.

8. «Ломбард «Бастау-кз» ЖШС (БСН 170840000765) ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ерікті түрде микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясының (лицензия № 17.21.0012.Л., 16.02.2021 ж. берілген) қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен жүгінгенін хабарлайды.

10. Алматы облысының МАЭС-ның 01.3.2023 ж. ұйғарымымен «BOSFOR» ЖШС-не қатысты, БСН 030340007042, мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Түрген ауылдық округі, Түрген ауылы, Желтоқсан көшесі, 139 ғимарат, тел.: 87023504180, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі және жергілікті соттардағы филиалдары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы Бапахов Ғалихан Айдынғалиұлының жұбайы

Гүлбарам Салыққызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydubaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жестіу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨНГІМЕ

– Шағын және орта бизнестің орталығы саналатын Алматыдағы әйелдер кәсіпкерлігінің қазіргі жай-күйі қандай?

– Бизнестегі әйелдер шағын және орта бизнес секторындағы жұмыс орындарының 31 пайызын және бүкіл Қазақстанда жалпы ішкі өнімнің 14,6 пайызын қамтамасыз етеді. Егер ел бойынша әйелдер басқаратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер 43,5 пайызды құраса, Алматыда бұл көрсеткіш 50 пайызға тең.

– Олар көбінесе қандай салаларда қызмет атқарады?

– Кәсіпкер әйелдер экономиканың барлық саласында жұмыс істеп жатыр деуге болады. Олар қолға алған негізгі салалар қатарында сауда, қызмет көрсету (сұлулық индустриясының толық спектрі, қонақүй жүргізу, мектепке дейінгі білім, бастауыш білім беру), қоғамдық тамақтану бизнесі және тағы басқалар бар.

– Әйелдер басқаратын бизнестің негізгі ерекшеліктері неде?

Ақеркін ЕРАЛИЕВА,

Алматы қаласы Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы:



«ӘЙЕЛДЕР ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛІКТЕ БЕЛСЕНДІ»

– Әдетте әйел басқарған бизнес – қыздың жиған жүгіндей. Салығы уақытылы төленген, есептілігі ретімен жүргізілген болады. Әйелдерге табиғатынан отбасын ұйыту, үйді таза ұстау қасиеттері тән. Дәл осы қасиеттер кәсіпте те көрініс табады. Әйелдер есепсіз несие ала бермейді, алса қарызын уақытында төлеуге тырысады. Сонымен қатар, қыз-келіншектердің ірі бизнестен гөрі шағын бизнестегі үлесі көбірек. Әсіресе, жеке кәсіпкерлікте белсенді.

– Іскер әйелдер саны қаншалықты қарқынды өсіп жатыр?

– Мәселен, 2021 жылдың соңына қарай басшы әйелдер тіркелген жеке кәсіпкерлік нысаны бір жылда 9,1 пайызға дейін өсіп 625,1 мыңға жетті. Олардың жеке кәсіпкерліктегі үлесі де бір жылда 47,4-тен 49 пайызға дейін артқан.

– Оларға арналған қандай қолдау бағдарламалар, жобалар бар?

– «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы жанынан Әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың 17 орталығы жұмыс істейді. Мақсаты – әйелдердің экономикалық белсенділігін ынталандыру. Биыл үш жаңа облыста (Абай, Ұлытау және Жетісу) орталықтар ашу жоспарланған.

Осы жылдан бастап Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары Қазақстанның барлық өңірінде «Бір ауыл – бір өнім» қосымша қызметімен жұмыс істейтін болады. Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары қажеттіліктер негізінде қызметтердің 7 түрін ұсыну және әйелдердің сұранысына қарай оқыту мен тәлімгерлік тағайындау бағытында жұмыс істейді. Биыл Алматыда қыз-келіншектердің сұранысына қарай кондитерлік, тігіншілік және флористика бойынша 1 айлық оқу курсы ұйымдастырылды. 3 курсқа барлығы жүзге жуық әйел қатысты. Биыл да Алматылық әйелдердің өтінімі негізінде бағыттар таңдалып, сол бойынша тегін оқу курстары ұйымдастырылады. Жалпы, Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау орталығына 2022 жылы 550 әйел жүгінді.

Биыл Halyk bank әйел кәсіпкерлерді қолдау мақсатында жылдық 5 пайызбен несиелеуге 1 млрд теңге

бөледі. 2018 жылдан бастап Halyk Bank өзінің «бизнестегі әйелдер» бағдарламасын қаржыландырып келеді. Оның шеңберінде 530-ға жуық кәсіпкер әйел жалпы сомасы 5 млрд теңгеге жылдық мөлшерлемесі 5 пайызбен несие алды.

– «Бастау Бизнес» жобасы жайлы да айта кетсеңіз?

– Бұл жоба бойынша кәсіпкерлік негіздерін 1 ай оқып, әрі қарай 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде грант алуға болады. Кәсіпкерлік негіздерін оқу бойынша жобаны ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы Өңірлік жұмыспен қамту орталықтары іске асырып жатыр.

«Бастау Бизнес» оқуына қатысу үшін business.enbek.kz порталында тіркеліп, оқу шарттарына сәйкестікті автомат тексеруден өтуі керек. Шарттарға сәйкес келген қатысушы skills.enbek.kz порталына өтіп, оқуға кірісе алады. Биыл бірінші лекке өтінім қабылдау 20 ақпанда басталып, 10 күнге жалғасты. Осы арада Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау орталығының клиенті Меруерт Байленованың «Бастау бизнес» грантына қатысты қалдырған ләбізін оқи кетсем деп отырмын.

«Мен оны 2022 жылы ұтып алдым. Портал өте қолайлы жасалған. Бәрі қарапайым, жүйелі және ретімен түсінікті көрсетілген. Мен бизнес жобамды еш қиындықсыз 2021 жылы өзім жасадым. Алғашқы жылы грант ұта алмадым. Әр барған сайын қойған сұрақтарына, айтқан ескертулеріне қарай толықтырып отырдым. Соңында қандай сұрақ қойса да жауабым дайын тұрды. Сөйтп, биыл 1 225 200 теңге грант ұтып алдым. Қазір бизнесімді кеңейттім, табысым да көбейді. Грант ұтамын дегенше қаншама кәсіпкерлермен араластым, ойым өзгерді, тәжірибе жинадым. Кәсіп бастау оп-оңай, табысты болатындай жүргізіп кету үшін біраз кеңес керек. Бірінші қиындықта сынып қалмау қажет».

– Елге жасаған көмектеріңіз әрдайым жемісті бола берсін. Сұхбатыңызға рақмет!

Е.КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

МЕДИАСАУАТҚА АРНАЛҒАН 50 КЕҢЕС

«Қазақстан медиа желі» қоғамдық қоры «Зиянды медиа әдеттерден арылайық/ медиасуатқа арналған 50 кеңес» атты жобаны бастады. Оны Internews жүзеге асырып жатқан «Серпінді орта үшін әркерлі ақпаратпен қарым-қатынас және төзімділік» (REVIVE) жобасының аясында ЕуроОдақ қолдап отыр.

Медиасуат бізге ақпараттар фасырында оның арасында адасып кетпеуіміз үшін керек. Әсіресе ковид-19 кезінде қаншама жалған ақпараттар тарады. Оның қайсысы рас, қайсысы өтірік деген кезде қатты адастық. Сондықтан бұл ақпараттық компанияны бастаудағы негізгі мақсат – тұтынушының, оның ішінде, әсіресе, қазақ тілді аудиторияның медиасуаттылығын көтеру, – дейді жоба жетекшісінің көмекшісі Есенгүл Кәпқызы. Ал «Қазақстан медиа желі» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Бақтыгүл Бурбаеваның сөзіне қарағанда, жоба – роликтер, әлеуметтік желідегі постар, мақалалар, журналистер мен инфлюенсерлердің флешмобынан тұратын ақпараттық кампания. Осы мақсатта медиасуатқа арналған білім платформасында тренинг бағдарламалары, тест, куиз сұрақтары, 5 анимация, 10 бейнеролик, 5 подкастар сериясы, мақалалар мен медиасуат сабақтарына арналған материалдар, сондай-ақ, медиасуат, медиаэтика және медиақұқық жөніндегі сарапшылардың вебинарлары орналастырылмақ.

– Біз медиасуатқа қатысты онлайн және офлайн тренингтер, медиасуатты мектепте оқытудың методикасы жөнінде мектеп мұғалімдеріне арналған тренингтер өткізуді жоспарлап отырмыз. Жоба барысында «Медиа және ақпараттық сауат» мектеп пәні бойынша барлық облыс, қала және ауыл мұғалімдеріне арналған онлайн және офлайн тренингтер де жоспарланып отыр. Облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда ересектер арасында 20 куиз өткізіледі, – дейді Б.Бурбаева. Алғашқы куиздер Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде басталып, студент аудиторияларында өтті. Сондай-ақ, Ақтау қаласында заманауи MediaQuiz ұйымдастырылып, оған журналистер, блогерлер, ҰЕҰ жетекшілері, мемлекеттік қызметкерлер, студенттер мен оқытушылар қатысты. Бұл жоба жайында таратылған барлық ақпаратты #текмедиа сауат #толькомедиаграмотность #tekmediasauat #REVIVE_CA #EUinKazakhstan #EU4Kazakhstan #REVIVE_CA #EUForeignPolicy хэштегтері арқылы табуға болады.

ЭКОНОМИКА

ҚАЙТАЛАМА ШИКІЗАТТЫ ҚАЙТА ӨНДЕУШІЛЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ҚҰРЫЛДЫ

«Қазақстанның қайталама шикізатты қайта өңдеушілер қауымдастығы» коммерциялық емес заңды тұлғалар бірлестігі мемлекеттік тіркеуге ие болды. Ол қайталама шикізат нарығында жұмыс істейтін өндірушілердің басын біріктіретін болады.

– Қазақстандағы қоқыс полигондарында түзілетін 100 мың тонна пластиктің бүгінде 3,5 мың тоннасы ғана қайта өңделеді. Еліміздің экономикасына миллиондаған қаржы әкеле алатын қалған 96,5 мың тонна пластик полигондарда жерге көміліп, бей-берекет шіріп, өртеніп кетеді. Ал қайта өңдеу зауыттары шикізат тапшылығына байланысты толық өндірістік қуатында жұмыс істей алмай отыр. Бұл ретте қайта өңдеуші зауыттар қайта өңделуі тиіс барлық қазақстандық қалдықтарды қайта өңдеу бойынша өршіл міндет қойып отыр, бұл полигондарға жүктемені айтарлықтай азайтады және олардың ластану деңгейін төмендетеді, – дейді қауымдастықтың басқарма төрағасы Батырбек Әубәкіров.

Адам қызметінің нәтижесінде туындайтын қайта өңделуі тиіс қалдықтардың бір бөлігі аса құнды болып саналады және бизнес үшін үлкен қызығушылық тудырады. Қалдықтарды қайта пайдаланудың тиімділігі экономикалық тұрғыдан ғана емес, қоқыс үйінділерінің көлемін азайтуға, табиғи ресурстарды үнемдеуге және елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік беруімен де өте маңызды. Қазақстанда бұл сала мен нарық жедел трансформацияны, мемлекеттік қолдауды және даму үшін ынталандыруды қажет етеді.

Қазақстанның буып-түюшілер қауымдастығы басқарма төрағасы және «Kazakh Export» ҰК АҚ Қоғамдық кеңесінің төрағасы болып қызмет жасайтын Б. Әубәкіровтың айтуынша, Қазақстанның қайталама шикізатты қайта өңдеушілер қауымдастығы қайталама шикізат саласын ілгерілету үшін жағдай жасаумен және оның рөлін күшейтумен айналысады. Оның алдына басты қойған міндеттері: қайталама шикізатты қайта өңдеушілерді нақты мемлекеттік қолдауды күшейту және саланы тұтастай субсидиялау процесін жолға қою; шикізатты тасымалдауды реттеу; қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу; білікті кадрларды даярлауға жәрдемдесу; салаға оның ашықтығын арттыру үшін цифрландыруды енгізу және басқа да проблемалық мәселелер.

Бетті дайындаған Е.КЕБЕКБАЙ

МАРАПАТ

ҚҰТҚАРУ ОПЕРАЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР ГРАНТ ИЕЛЕНДІ

Сәтбаев университетінің ректоры Мейрам Бегентаев Түркиядағы жер сілкінісінің салдарын жою және тұрғындарды құтқару операциясына қатысқан Алматы қаласындағы Төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндірушілері мен құтқарушыларын тегін оқытуға бес грант бөлетінін хабарлады.

–Төтенше жағдайлар министрлігінің қызметкерлері Түркия Республикасында орын алған табиғи апатқа қарсы ерлік пен табандылық танытты. Білім беру гранттары – сіздер үшін жасай алатын ісіміздің аз

ғана бөлігі. Біздің болашақ Төтенше жағдайлар министрлігінің студенттері тек құтқару ісінде ғана емес, оқуда да үздік атана алады деген сенімдемін!», – деді Мейрам Бегентаев.

Төтенше жағдайлар министрлігі – еліміздегі төтенше жағдайлардың алдын алу мен оны жоюға жауапты негізгі ведомстволардың бірі. Бұл міндетті тиімді атқару үшін жоғары білікті мамандар, соның ішінде техникалық мамандар өте қажет. Сәтбаев университеті бұл мекемемен ұзақ мерзімнен бері ынтымақтастық

қарым-қатынас жасап келеді, оның өзіндік тарихы да бар. Университет осы байланысты одан әрі дамытып, нығайтуға, құтқарушылардың және жалпы департаменттің әлеуетін арттыруға, жастардың армандарын жүзеге асыруға көмектесуге ұмтылады. Еліміздегі тұңғыш техникалық университетте білім алуға бөлінген гранттар дәл осы мақсатта қызмет етеді.

Ақмарал БЕЙСЕБАЕВА, Сәтбаев университетінің баспасөз сөзсізеті

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: Location (Астана, Алматы облысы, Ақтөбе облысы, Атырау облысы, Маңғыстау облысы, Қызылорда облысы, Түркістан облысы, Батыс Қазақстан облысы) and Name (Айша Құрманғали, Нұрбол Әлдібаев, Жансая Есмағанбетова, Боранбай Ғалиев, Жазира Әбіл, Гүлбану Мақажан, Сейітхан Құлмаханбетов, Шадиар Мекенбайұлы, Нұрлыбек Рахманов).

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz E-mail: zanreklamaastana@mail.ru «Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Және таралым 5515 дана Апталық таралым 11 054 дана Тапсырыс №37 Индекс 65921 Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ